Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# МЕКТЕПТІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Федоров ауылы, 2025 жыл

| МАЗМҰНЫ | Бет |
|---|---|
| **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ** | |
| Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы | 2 |
| Кадрлық құрамға талдау | 4 |
| Тәрбиеленушілер контингенті | 5 |
| Оқу – әдістемелік жұмыс | 6 |
| Оқу – материалдық активтер | 10 |
| Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры | 14 |
| Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау | 14 |
| Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы | 16 |
| Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары | 20 |
| Қорытындылар мен ұсыныстар | 20 |
| **БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ** | |
| Кадрлық құрамға талдау | 21 |
| Білім алушылар контингенті | 28 |
| Оқу – әдістемелік жұмыс | 29 |
| Оқу – материалдық активтер | 53 |
| Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор | 55 |
| Білім алушылардың білімін бағалау | 57 |
| Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы | 64 |
| Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары | 68 |
| Қорытындылар мен ұсыныстар | 68 |

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері(заңды мекен-жайы жәнеорналасқан мекен- жайы).** | Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоровауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 111900, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоров ауылы, Шевченко көшесі, 57 үй. |
| **Заңды тұлғамен байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт).** | Жұмыс телефоны 8 (71442)21077, 21058,e-mail alnsarinafdr@edu.kz домен Alnsarinafdr.edu.kz |
| **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Ф.А.Ә. жәнелауазымға тағайындау туралы бұйрық деректері).** | Мектеп директоры: Қоңқас Нұргүл Серікқызы. Телефон: 87476784560, e-mail konkas76@mail.ruТағайындау туралы бұйрық: 11.05.2022 ж. № 14. |
| **Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар.** | Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 қаңтарда заңды тұлға болып қайта тіркеуден өткен. БСН 071040004245, коммерциялық емес мемлекеттік бюджет есебінен қаржыланатын мемлекеттік құрған ұйым. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5қаңтардағы №18 қаулысымен бекітілген Мектеп Жарғысы негізінде жүзеге асырылады. |

| | |
|---|---|
| **Рұқсат етуші құжаттар** | 2021 жылғы 5 ақпандағы «ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білімсаласында сапаны қамтамасыз ету департаменті»ММ қызметтің мәліметтерін өзгерту туралы<br>№KZ53RVK00031543 хабарлама.<br><br>Мектеп жұмысы 2021 жылғы 24 ақпандағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасызету департаменті» мемлекеттік мекемесі берген № KZ18LAA00024709 мемлекеттік лицензияға сәйкес жүргізіледі. |

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ.

**КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ.**

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі– Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі– "Білім туралы" Заң) сәйкес әзірленген және мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайды.

Білім беру қызметінің сапасы педагогикалық ұжымның сапалық сипаттамаларына тікелей байланысты.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды сыныбы тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу бойынша 2024-2025 оқу жылында 1 тәрбиеші жүзеге асырды(мектепалды сыныбы 5 жастағы балалар).

Мектепалды сыныбы тәрбиешісі - Тонкерс Алтынхан. Білімі - арнайы орта, диплом бойынша мамандығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту», тәрбиеші біліктілікті арттыру курстарынан белгіленген мерзімде өтті, біліктілік санаты педагог - модератор, педагогикалық өтілі 17 жыл.

Мектепалды сыныбы Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелеріне сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

**Педагог кадрлардың сапалық құрамы:**

| Оқу жылы | Барлығы | Біліктілік санаты | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Зерттеуші | Сарапшы | Модератор |
| 2024-2025 | 1 | | | 1 |

**Тәрбиеші жетістігі:**

- ✓ «Туған ел жастары» Республикалық шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен 25-қазан Республика күніне орай бала-бақша тәрбиеленушілері, мектепалды сыныбы және мектеп оқушылары арасында өткізілген «Қыран елім – Қазақстан» атты Республикалық байқауға дарынды шәкірт дайындағаны үшін алғыс хат, 2024 жыл;
- ✓ «Балабақша – мектеп» МЖМБС нәтижелеріне қол жеткізудегі сабақтастық» идеялар панорамасында 3-орын алғаны үшін грамота, 2025 жыл.

Мемлекеттік білім беру стандарты мен үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыруды қамтамасыз етуде тәрбиешіде «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша арнайы орта білімі бар.

Мектепалды сыныбында кәсіби қызметін жүзеге асыратын маманның өз мамандығы бойынша тиісті білімі бар (100%), бұл педагог кадрлардың сапалы іріктеуден өткенін айғақтайтыны сөзсіз.

**ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІ.**

**2024-2025 оқу жылында** мектепалды сыныбында 4 тәрбиеленуші білім алды. Барлық балалар мемлекеттік жалпы білім беру тапсырысы бойынша білім беру ұйымдарына медициналық куәландыру қорытындысы мен ата - анасының өтініші негізінде қабылданған.

**Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.**

Мектепалды сыныбы тобы 5 жастағы балаларды қамтиды.

**2024-2025 оқу жылы.**

Барлығы 4 тәрбиеленуші қабылданды. Барлығы 5 жаста.

Балаларды 1-сыныпқа барар алдында келесі жас тобына ауыстыра отырып, жас ерекшеліктеріне сәйкес бағдарламаны зерделеу және балалардың мектепалды сыныбына бір жылға баруы қамтамасыз етіледі.

**Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ оларда әзірленген білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

Ата-аналардың өтініші бойынша оқушыларды мектепалды сыныптарына қабылдау білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Жыл сайын Типтік бағдарламаның мазмұнын игеру келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ✓ **физикалық қасиеттерді даму;**
- ✓ **коммуникативтік дағдыларды дамыту;**
- ✓ **танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;**
- ✓ **шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;**
- ✓ **әлеуметті -эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.** Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу арқылы

қамтамасыз етіледі.

Дене дамуы, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Мектепалды сыныбының бағыты балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру. Мектепалды сыныбында оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 31 мамырына дейін жүргізіледі. Демалыс күндері оқу жылында белгіленеді.

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС.**

***Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі***
***– ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі;***

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығының 3 қосымшасы;
- ✓ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектепалды сыныбы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес өз жұмысын атқарады.

Оқу жұмыс жоспары жыл сайын жасалады, тамыз айында өтетін мектептің педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысының білім басқармасының «Федоров ауданының білім бөлімі» ММ - де сараптамадан өтеді.

**2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныбында оқу процесі келесі нормативті – құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылды:**

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығының 3 қосымшасы;
- ✓ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін

мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

***Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;***

Тәрбиеші күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған мақсаттар мен міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді, тәрбиелеу-білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады; балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды; Отанға, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін бастапқы мүмкіндіктер қалыптасады.

**Мектепалды сыныбында оқу процесі келесідей жүзеге асырылады:**

- ✓ перспективті жоспар;
- ✓ циклограмма;
- ✓ тәрбиеленушілердің жетістіктерін бақылау.

Мектепалды сыныпта жұмыс істейтін тәрбиеші жылына бір рет оқу жылы басталғанға дейін **перспективті жоспар** жасайды. Перспективті жоспар педагогикалық кеңесте қаралып, бекітіледі.

**Перспективті жоспарда** Типтік оқу жоспарында көзделген әрбір ұйымдастырылған іс-шараның бір айға арналған міндеттері айқындалады.

Әр аптаға **циклограмма** жасалады, онда балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін өткізуден орындалуын қамтамасыз етеді.

**Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:**

- ✓ физикалық дамыту;
- ✓ коммуникативті дағдыларды дамыту;
- ✓ танымдық және интеллектуалдық дағдыларды дамыту;
- ✓ шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік әрекетін дамыту;
- ✓ әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Жоғарыда аталған дағдыларды қалыптастыру ұйымдасқан іс-әрекеттерді біріктіру арқылы, ойын түрінде, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып,

балалар әрекетінің әртүрлі түрлері (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек) арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде мектепке дейінгі ұйым жұмысының бағытын ескере отырып және балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарымен, отбасылық құндылықтармен, патриоттық, мәдени-әлеуметтік нормалармен таныстыру, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қалыптастыру бойынша міндеттерді жүзеге асырады.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбиеші келесі принциптерді басшылыққа алады:

- ✓ ойын арқылы оқыту;
- ✓ балалар әрекетінің түрлерін (ойын, қимыл-қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеушілік, еңбек, эксперимент, балалардың өз бетінше әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету) кіріктіру арқылы дамыту.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық принциптерін қамтамасыз ету үшін сабақтастық бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама мектепалды сыныбы тәрбиешісі, бастауыш сынып мұғалімдері мен ата-аналар арасындағы жұмыстың негізгі бағыттарына, ынтымақтастық пен іскерлік байланыстарға негізделген. Психолог балалардың мектепке психологиялық дайындығын анықтап бақылайды, балалардың дамуындағы анықталған кемшіліктер болса түзету жұмыстарын жүргізеді.

Мақсаттарға жетудің тиімділігі тек сыныпта ғана емес, сонымен қатар отбасында да жағымды эмоционалды микроклиматты құруға тікелей байланысты. Ата-аналармен толыққанды қарым-қатынасты ұйымдастыру және отбасын біртұтас білім беру ісіне тарту мұғалімдердің басты назарында. Ата-аналар бақылаушы емес, оқу процесінің қатысушылары болып табылады. Ата-аналармен жұмыс жасауда ата-аналар жиналысын жаңа форматта өткізіледі. «Үндестік» жобасы аясында ата-аналармен байланыс орнатуға, олардың назарын педагогикалық үдеріске аударуға бағытталған қарым- қатынастың дәстүрлі емес түрлері қолданылады.

Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру ашықтық, ынтымақтастық, толық өзара сенімге негізделеді.

Топта тәрбиеші әр түрлі жұмыс түрлерін пайдаланады: жұмыс барысында балалар жұмыстарының көрмелерін, спорттық іс-шараларды, сайыстарды, театрландырылған көріністерді ұйымдастырады.

Ата-аналармен «Біртұтас тәрбие» аясында түрлі деңгейдегі іс-шаралар байқаулар, көрмелер, спорттық іс-шаралар, жарнамалық акциялар, тақырыптық іс-шаралар өткізіледі.

Мектепалды сыныпта «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ар-ұят», «Талап»,
«Ұлттық мүдде» тәрбие құндылықтары арқылы жүзеге асырылады.

Қарастырылып отырған кезеңде барлық іс-шаралар балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты дамуына бағытталған. Тәрбиеленушілер облыстық және республикалық халықаралық деңгейдегі түрлі іс-шараларға, байқауларға қатысады. Қатысу нәтижелері төменде көрсетілген:

**Тәрбиеленуші жетістігі:**

- ✓ Байдувлетов Абай - «Тәуелсіз ел жастары» Республикалық шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен 25-Қазан Республика күніне орай балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген «Қыран елім-Қазақстан!» атты Республикалық байқауда «Сурет салу» номинациясы бойынша 1 дәрежелі диплом, 2024 жыл;
- ✓ Қуанышбек Айзере - «Тәуелсіз ел жастары» Республикалық шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен 25-Қазан Республика күніне орай балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген «Қыран елім-Қазақстан!» атты Республикалық байқауда «Өлең» номинациясы бойынша 1 дәрежелі диплом, 2024 жыл;
- ✓ Мусабек Әдемі - «Тәуелсіз ел жастары» Республикалық шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен 25-Қазан Республика күніне орай балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды сыныптары және мектеп оқушылары арасында өткізілген «Қыран елім-Қазақстан!» атты Республикалық байқауда «Ән айту» номинациясы бойынша 2 дәрежелі диплом, 2024 жыл.

Барлық іс-шаралар жылдық жоспар мен циклограммада көрсетілген. Ата- аналарға арналған ақпараттық стендтер мен жылжымалы папкаларда тәрбиеші әртүрлі тақырыптарға (салауатты өмір салты, жол қозғалысы ережелері, денсаулық, балаларды мектепке дайындау туралы) мақалалар мен буклеттер тұрақты түрде орналастырады. Мектептің әлеуметтік желісінде өткізілген іс- шаралардың көрсетілімімен мектепалды даярлық туралы ақпарат және т.б. оқуүдерісі қамтылған.

***МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.***

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ тәрбиеленушілерге арналған оқу жүктемесінің шекті көлеміне қойылатын талаптар оқу жұмыс жоспары сақталған.

**1. 2024-2025 оқу жылы:**

Мектепалды сыныбында апталық оқу жүктемесінің рұқсат етілген жалпы көлемі (5 жас):

апталық оқу жүктемесінің рұқсат етілген шекті көлемі **20 сағатты құрайды,** оның барлығы инварианттық компонентке бөлінген. Ұйымдастырылған іс- әрекеттің **ұзақтығы 20-25 минут.**

**1. Физикалық қасиеттерді дамыту (3 сағат).**

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

**2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту (9 сағат).**

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды,

өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

**3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту (3 сағат).**

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

**4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту (3 сағат).**

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс- әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

**5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру (2 сағат).** Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлерінетарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

**ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР.**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ жеке тұрған ғимаратта орналасқан, 2012 жылы ашылған. Ғимараттың техникалық жағдайы талапқа сай. Жыл сайын оқу кабинеттеріне, рекреацияларға косметикалық жөндеу жүргізіледі. Мектеп ғимаратының периметрі бойынша көше жарығы мен қоршауы бар.

Мектеп аумағында спорттық, оқушыларға арналған демалыс аймағы(жүгіру жолы, турник, волейбол, баскетбол, футбол алаңдары) бар. Мектептің фундаменті таспалы блок-бетонды, ішкі және сыртқы тұрақты қабырғалары кірпішті, 2 қабаттан тұрады. Ғимарат 2012 жылы салынған. Жылу жүйесі 2022 жылы орнатылған екі газ қазандығымен және екі сорғымен жаңартылды.

Мектеп орталық су құбыры, электр жарығымен, телефон байланысымен және интернетпен, дербес кәріз жүйесімен қамтамасыз етілген. Үй-жайдың жалпы ауданы 5065,9 шаршы метрді құрайды. Жұмыс алаңы 3169,1ш.м.

Бірінші қабатта жалпы ауданы 87,8 ш.м. тамақтанатын орны бар асхана орналасқан. Тамақтандыруды «Чемурзиева Д.С.» ЖК мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауды (жалға алуды) ұйымдастыру туралы шарт негізінде жүзегеасырады. Оқушылар 100% ыстық тамақпен қамтылған.

**Медициналық пункт** екінші қабатта орналасқан, екі бөлмеден тұрады: қабылдау кабинеті 17,9 ш.м., емшара кабинеті 13,8 ш.м.

Медициналық және емшара кабинеттері қажетті жабдықтармен жабдықталған. Қабылдау кабинеті мынадай жабдықтармен қамтамасыз етілген: жазу үстелі, тумбасы бар ағаш шкаф, төбелік бактерицидті сәулелегіш, қоқыс шелек, қол жуғыш раковина. Егу кабинетін жарақтандыру: дөңгелектегі 1 секциялық ширма, медициналық шкаф, медициналық үстел, жоғарғы және төменгі аяқтарға арналған шиналар, медициналық төбелік сәулелегіш, фармацевтикалық тоңазытқыш, вакциналарды тасымалдауға арналған термоконтейнер, педальды қақпағы бар шелек. Шынтақты мөлшерлегіштер, қайырмалы кушетка, қолжуғыш раковина.

**Кітапхана** бірінші қабатта орналасқан. Ағаш сөрелермен, 2 ұзын жазу үстелмен, 12 дана жұмсақ орындықтармен, 3 моноблокпен жабдықталған және абонемент пен оқу залы орналасқан. Кітапханада жыл сайын оқушылар мен оқырмандар үшін көркем әдебиет қоры толықтырылады. Оқушылар оқу пәндеріне арналған оқулықтармен 100 % қамтылған. Сондай-ақ, оқу қорын сақтауға арналған ағаш сөрелері бар кітап қоймасы бар.

**Басшысы кабинетінің** ауданы 33,8 ш.м., **директор орынбасары кабинеті** 10,2 ш.м., **мұғалімдер бөлмесі** 22,6 ш.м., **психолог кабинеті** 18,5 ш.м., **әлеуметтік педагог** кабинеті 9,9 ш.м., **аға тәлімгер** кабинеті 19,8 ш.м. барлық кабинеттер кабинеттерге арналған шкаф, стол, орындықтармен, web- камерамен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютермен, желілік фильтрмен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердімемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

мектепалды сыныбы 2012 жылы ашылған. 2024-2025 оқу жылында мектепалды сыныбында 4 тәрбиеленуші тәрбиеленуде.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Мектеп алаңында ойынға арналған құрылымдар, жабық құмсалғыштар, спорт және ойын алаңдары, гүлзарлар, эстетикалық келбетті әртүрлі ағаштар мен бұталары бар шағын саябақ орналасқан. Мектепалды сыныбының бөлмесі талаптарға сай жабдықталған және тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, психологиялық, педагогикалық, эстетикалық жағдайларға сәйкес келеді.

Мектепалды сыныбын жабдықтау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын қауіпсіздік пен психикалық сауықтыруды ескере отырып, жабдықтармен және жиһаздармен жабдықтау стандарттарын бекіту туралы» бұйрыққа сәйкес қамтамасыз етілген.

Мектепалды сыныбының пәндік дамыту ортасы мектеп жасына дейінгі балаларды мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес жан-жақты дамытуға бағытталған, атап айтқанда: дене дамуы; коммуникативті, танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту; шығармашылық қабілеттері мен ізденістерін дамыту іс-әрекет, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру баланың өздігінен білім алу қабілетінің дамуына оң әсер етуі мүмкіндігі бар. Ақпараттық кеңістік келесі бағыттар бойынша жүйеленген:

**Денсаулық орталығы** - топта дене шынықтыру жаттығуларына жағдай жасау, балалардың дене шынықтырумен айналысуға деген құштарлығын арттыру.

Құрал-жабдықтар: түрлі-түсті жалаулар, үлкен доптар мен теннис шарлары, лақтыруға арналған құммен толтырылған дорбалар, таспалар, жұмсақ текшелер, кегльдер, гантельдер, құрсаулар, гимнастикалық таяқтар, сақина лақтыру, спорттық доғалар, клубтар, «Twister» ойыны, «Құбыр» ойын туннелі т.б.

**Қарым-қатынас орталығы** – сөйлеу әрекетін дамыту, көркем сөзбен таныстыру. Орталық жабдық: кітап бұрышы-жасына және тақырыбына сәйкес көркем әдебиет, ертегі кітаптары, балаларға арналған журналдар, сюжетті суреттер сериясы, тақырыптық альбомдар, балалардың суреттері. Сөйлеуді дамыту: «Әңгіме айт», «Сөзді таңда», «Үлкен-кіші» сөйлеуді дамытуға арналған дидактикалық ойындар. т.б.; лексикалық тақырыптарды жіктеуге

арналған тақырыптық суреттер жинағы: «Көкөністер», «Жемістер», «Ойыншықтар», «Жиһаз», «Ыдыс-аяқ» және т.б.

**Таным орталығы** – танымдық әрекетті белсендіру, танымдық процестерді дамыту. Орталықтың жабдықталуы: заттарды әртүрлі қасиеттеріне (түсі, пішіні, көлемі, материалы) қарай салыстыруға арналған дидактикалық ойындар, пазл ойындары, санау ойындары - геометриялық пішіндер мен денелер, 0-10 сандық диапазон, математика негіздері бойынша демонстрациялық материал. Дидактикалық ойындар - «Ассоциациялар»,

«Төртінші дөңгелек», «Айырмашылықтарды тап», «Геометриялық пішіндер»,

«Сандар», «Шілтердегі түстер», «Бәрі санау үшін», «Математикалық планшет», «Сиқырлы белдеу», «Хамелеон текшелері», «Логикалық мозаика»

«Сұрыптаушы».

**Шығармашылық орталығы** – бейнелеу әрекетінің әртүрлі құралдары мен әдістерін меңгеру. Орталық жабдық: қарындаштар, балауыз қарындаштар, гуашь, акварельдер, пластилин, қылқаламдар, палитралар, банкалар, модельдеу тақталары, шүберектер. Түрлі жануарлар мен көкөністердің үлкен трафареттері. Түрлі-түсті қағаздар, бояу дәптері, дәстүрлі емес сурет салу әдістеріне арналған материалдар. Мұғаліммен бірге қолөнер бұйымдарын жасауға арналған табиғи және қалдық материалдар: орамдар,

каштан, желім және т.б.

**Әлеумет орталығы** – қоғамдағы мінез-құлықтың моральдық стандарттарын,сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды, баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау қабілетін сіңіруді қамтиды.

**Табиғат орталығы** - адамдарға, жануарларға және өсімдіктерге тән кейбір ортақ белгілер, қозғалыс, қоректену, өсу туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Орталық жабдық: жабық өсімдіктер, табиғат күнтізбесі. Суаруға арналған ыдыстар, ағаш шпательдер, пластикалық шелектер. «Жыл мезгілдері», «Спорттық ойындар», «Салауатты өмір салты» альбомдары.

Конустар, желімдер және т.б. табиғи материалдар. Көрнекі құралдар- альбомдар, картиналар жинағы, муляждар.

**Жолда жүру** - негізгі қауіпсіздік ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Орталық жабдық: дидактикалық ойындар. Жол белгілері. Жолдың орналасуы.Өмір қауіпсіздігі және жол қозғалысы ережелері бойынша материал. Рөлдік ойынның атрибуттары. Үстел және баспа ойындары.

**Рөлдік ойындар орталығы** - баланың әлеуметтік және тұлғалық дамуы,қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту, ойын әрекетін байыту, рөлдік қарым-қатынас. Орталық жабдық: жануарлар мен олардың төлдерін бейнелейтін тақырыптық ойыншықтар, әртүрлі көлемдегі қуыршақтар. Моторлы ойыншықтардың бұрышы (машиналар, ұшақтар, қайықтар және

т.б.). Тұрмыстық заттар бейнеленген ойыншықтар (ыдыс-аяқ, тұрмыстық техника, төсек-орын жабдықтары). «Дүкен», «Аурухана», «Шаштараз»,

«Отбасы», «Дүкен» рөлдік ойындарының атрибуттары, «Аурухана», құрылыс ойындары «Пароход», «Ұшақ», «Гараж» т.б.

Мектепалды сыныбы жиһаздың және жабдықтың қажетті мөлшерімен толық қамтамасыз етілген. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріледі, қауіпсіздіктің негізгі талаптары сақталады, балаларға ойын материалдарының үлкен таңдауын пайдалана отырып, жеке мүдделер мен мүмкіндіктерге сүйене отырып, ойнау, тану, зерттеу, тәжірибе жасау, ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін қажетті жағдайлар жасалады. Оқу іс-әрекеті кезінде АКТ технологияларын пайдаланылады, онда әртүрлі тақырыптар бойынша сабақтарға арналған презентациялар, сондай-ақ демонстрациялық және үлестірме материалдары бар.

Пайдалы оқу алаңы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚРДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес келеді.

Дене шынықтыру бағдарламасын жүзеге асыру үшін мектеп аумағында жалпы ауданы 648,0 ш.м. **спорт залы** бар, жеке киім ауыстыратын бөлмелер (ұлдар үшін - 13,4 ш.м. және қыздар үшін – 14,6 ш.м.), жалпы ауданы 4,1 ш.м. спорттық құралдарды сақтауға арналған бөлмелер. Спорттық жабдықтар мен құралдар толық қамтылған **9-қосымшада** көрсетілген.

**Акт залдың жалпы ауданы** 85,2 ш.м., акт залда оқушыларға шығармашылық

жұмыспен айналысу үшін сахна, көрермендерге арналған 80 орындық орналастырылған. Акт залының жабдықталуы 9-қосымшада көрсетілген.

Мектептің материалдық-техникалық базасының санағы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 ақпанда № 13272 болып тіркелген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына негізделген.

Мектепалды сыныбының тәрбиеленушілеіне (1), қызметтік (1) бөлек жылы санитариялық тораптар орналасқан. Санитарлық тораптар кабинкалармен және барлық қажетті сантехникалық жабдықтармен, қолды жууға арналған санитайзерлермен, кептіргіштермен жабдықталған.

**Мектепке қауіпсіздік мақсатында барлығы 40** дана (оның ішінде 28 ішкі, 12 сыртқы ПБ жедел басқару орталығына шығарылған) бақылау бейнекамералары орнатылған (ИП «Гриб В»), автоматты өрт дабылы, 24 өрт сөндіргіш бар, оларды техникалық куәландыру және қайта зарядтау уақтылы жүзеге асырылады. Сөйлеу хабарландыруына, бейнебақылауға, автоматты өрт дабылына және дабыл түймесіне техникалық қызмет көрсету жүргізіледі.

Мектеп жергілікті желіге және ғаламдық интернет желісіне қосылған 89 бірлік компьютерлік техникамен жабдықталған. Сонымен қатар «TransTelecom» ЖШС - ның кең жолақты интернетіне қосылған. Мектеп бойынша орташа жылдамдық 50 мбит/с құрайды.

## АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ.

Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы ақпарат (5-қосымшада берілген).

Оқу іс-әрекеті кезінде АКТ технологияларын пайдалану базасы құрылды, онда дидактикалық және әдістемелік құралдардың мазмұны толықтырылды. Әртүрлі тақырыптар бойынша сабақтарға арналған презентациялар мен демонстрациялық және үлестірме материалдары бар.

**2024-2025 оқу жылында** мектепалды сыныбының оқу - әдістемелік кешені Алматы кітап баспасы, 2023 ж.; Сауат ашунегіздері мен № 1, 2 жұмыс дәптері; Математика негіздері мен № 1, 2 жұмысдәптері; Көркем әдебиет мен № 1, 2 жұмыс дәптері; Қазақ тілі мен № 1, 2жұмыс дәптері; Математикалық жазулар және Жапсыру үлестірме материалдарымен толықтырылды.

## ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ.

***Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;***

Білім беру үдерісінің тиімділігі туралы ақпарат алу, сондай-ақ әрбір баланың даму динамикасын қадағалау үшін тәрбиеші диагностика негізінде типтік бағдарламаның

мазмұнын меңгеруін бақылайды (қыркүйекте бастапқы, қаңтарда аралық және мамырда қорытынды), бақылау барысында:

- ✓ баланың жетістіктері;
- ✓ балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарас;
- ✓ оқу процесін жедел негізде жетілдіру;
- ✓ түзету әрекеттерін жоспарлау;
- ✓ баланың бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейлері анықталады. Бастапқы

мониторингтен алынған мәліметтер негізінде жеке көзқарастықамтамасыз ету үшін мектепалды сыныбының әрбір тәрбиеленушісіне 15 дана

көлемінде «Балаларды дамытудың жеке карточкалары» толтырылды. «Түзету шаралары» бөлімінде бастапқы диагностика нәтижелері бойынша мектепалды сыныбының тәрбиеленушілерімен жұмыс істейтін тәрбиеші әрбір құзыреттілік бойынша дамыту немесе түзету шараларын анықтап, енгізді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2023 жылғы үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру мониторингі бойынша Әдістемелік ұсыныстарға сәйкес қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізілді.

Тәрбиешінің барлық түзетушілік іс-әрекеттері «Баланың жеке даму карталарында» көрсетілгенін және күтілетін нәтижеге жету үшін оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға бағытталғанын атап өтуге болады. ***Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;***

Мектепалды сыныбында балалардың даму динамикасы мен оқу-тәрбие процесінің тиімділігі туралы ақпарат алу үшін Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша **мониторинг** жүргізіледі.

**Мониторинг мақсаты:**

- ✓ баланың жетістіктерін қадағалау;
- ✓ балаларды тәрбиелеу мен дамытуға жеке көзқарасты қамтамасыз ету;
- ✓ түзету шараларын жедел жоспарлау негізінде оқу процесін жетілдіру;
- ✓ баланың Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

**Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:**

- ✓ балаларды бақылау;
- ✓ әңгімелесу;
- ✓ балалардың іс-әрекет өнімдерін талдау;
- ✓ диагностикалық жағдайлар.

Жетекші әдіс - күнделікті өмірде, табиғи жағдайда әрбір балаға жүргізілетін бақылау.

**Диагностика кезеңдері:** жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасындажәне соңында: басталуы – қыркүйек; аралық – қаңтар; қорытынды – мамыр.

Топта балалардың даму деңгейін бақылау процесі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады, бақылау нәтижелері «Бақылау парақтарына» енгізіледі.

**Бастапқы мониторинг нәтижелері:**

**2024-2025 оқу жылы.**

Балалардың дағдыларының даму деңгейін және Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейін бақылау үшін бастапқы мониторингке келесі қатысушылар қатысты:

Мектепалды сыныбындағы тәрбиеленушілердің жалпы саны – 4.Нәтижесінде бізде келесі көрсеткіштер бар:

I деңгей – 0 бала, бұл 0%,

II деңгей – 2 бала, бұл 50%,

III деңгей – 2 бала, бұл 50%.

Орта және жоғары деңгейдің үлесі 50%

***Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;***

Балалардың іскерліктері мен дағдыларының даму деңгейін, Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеруін, мектепалды сыныбын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері мектепалды сыныбының жас ерекшеліктеріне сәйкес ұсынылады.

Балалардың дағдыларының даму деңгейін және Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейін бақылау бойынша қорытынды мониторингке келесі қатысушылар қатысты:

Оқу жылының аяғында мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың жалпы саны – 4.

I деңгей – 2 бала, ол 50%,

II деңгей – 2 бала, бұл 50%.

Орта және жоғары деңгейдің үлесі 100%

Қорытынды: Орта және жоғары деңгей үлесі (барлық топтардың барлығы) 100% құрайды.

Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының мазмұнын меңгеру көрсеткіштеріне негізделген бастапқы және қорытынды мониторинг нәтижелерінің салыстырмалы талдауы 2023-2024 жылға арналған есепті кезеңде оң динамикасын көрсетті. 2023-2024 оқу жылында бағдарламаны іске асыру көрсеткіштері (бес білім беру бағыты бойынша) жалпы алғанда орташа, ортадан жоғары және жоғары деңгейде. Сондықтан 100% шараларға қол жеткізген балалар құзыретті болып саналады.Мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттілігін дамыту көрсеткіштері оқу жылының соңына қарай қолданудың жоғары деңгейі әр оқу жылының басындағы нәтижелермен салыстырғанда жоғарылайды!

## БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ.

### Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналары үшін

| № | Сұрақтар | Толық келісемін | Келісемін | Келіс-пей-мін | Толық келіс-пеймін |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады | | | | |
| 2 | Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар | | | | |
| 3 | Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз | | | | |
| 4 | Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметінеқанағаттанасыз | | | | |
| 5 | Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды | | | | |
| 6 | Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба | | | | |
| 7 | Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді | | | | |
| 8 | Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балаларүшін теңдестірілген | | | | |
| 9 | Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінезқұлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз | | | | |
| 10 | Топ ата-аналарымен мектепке дейінгіұйым мамандары: медицина қызметкері,психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі | | | | |
| 11 | Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз | | | | |
| 12 | Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса,Сіз Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесеосында көрсетіңіз. | | | | |

**Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері үшін**

| **№** | **Сұрақтар** | **Толық келісем ін** | **Келісемін** | **Келіс - пей- мін** | **Толық келіс- пеймін** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновациярежимінде өтеді | | | | |
| 2 | Педагогтерге білім беру процесінебелсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған | | | | |
| 3 | Педагогтар тиімді әдістемелік көмекалады | | | | |
| 4 | Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады | | | | |
| 5 | Оқыту мен тәрбиелеудің сапалыпроцесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған | | | | |
| 6 | Педагогтердің біліктілігін арттырукурстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған | | | | |
| 7 | Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді | | | | |
| 8 | Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардыңалдын алу жәнешешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде | | | | |
| 10 | Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді | | | | |
| 11 | Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар | | | | |
| 12 | Тамақтану сапасы талапқа сай жәнемектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген | | | | |
| 13 | Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын | | | | |
| 14 | Сапалы оқыту процесін жүргізу үшіноқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды | | | | |
| 15 | Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдайжасалған | | | | |
| 1 6 | Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста | | | | |
| | педагогтарды көтермелеуді қолданады | | | | |
| 17 | Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады | | | | |
| 18 | Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақшажиналды | | | | |
| 19 | Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепкедейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егерсізде шағымдар болса, Сіз білімберу саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз. | | | | |

**КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.**

- ✓ Мектепалды сыныбында кәсіби қызметті жүзеге асыратын тәрбиешінің санаты педагог-модератор.
- ✓ Тәрбиеленушілердің шығармашылық және интеллектуалды байқауларға қатысу деңгейінің төмендігі.

**ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР.**

- ✓ Тәрбиешінің біліктілік санатын арттыру.
- ✓ Тәрбиеленушілердің шығармашылық және интеллектуалды байқауларға қатысуын ұйымдастыру арқылы оқушылардың ерте дарындылығын дамыту бойынша тәрбиешінің жұмыс жүйесін жетілдіру.
- ✓ Мектепалды сыныбының ата-аналарымен және тәрбиешімен ұсынылатын білім беру қызметіне қанағаттану деңгейі бойынша жұмысты ұйымдастыру.
- ✓ Материалдық-техникалық базаны нығайту.

## БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ОРТА ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ.

### КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ.

***(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 арашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілертізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау).***

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2024 жылдың 1 қыркүйегінде барлығы 45 қызметкер құрамымен жасақталды
(1 мектеп директоры, 2 директордың орынбасарлары, 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 аға тәлімгер, 1 кітапханашы, 1 алғашқы әскери және технологиялық дайындық ұйымдастырушысы).

**Әкімшілік – басқару:**

| | |
|---|---|
| **Директор:** | Қоңқас Нұргүл Серікқызы, 1976 ж.т., білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 23 жыл, осы мектепте – 5 жыл, осы қызметте – 3 жыл. |
| **Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** | Уристимбаева Лиана Маратовна, 1985 ж.т., білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 20 жыл, осы мектепте – 20 жыл, осы қызметте – 3 жыл. |
| **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** | Марат Сандыгаш, 1989 ж.т., білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 14 жыл, осы мектепте – 14 жыл, осы қызметте – 3 жыл. |
| **Шаруашылық бөлімнің меңгерушісі:** | Фаизова Гульбаршин Бисембаевна, 1969 ж.т., білімі орта, жұмыс өтілі: жалпы – 27 жыл, осы мектепте – 9 жыл 8 ай, осы қызметте – 9 жыл 8 ай. |
| **Әлеуметтік педагог:** | Сағынған Біржан, 1987 ж.т., білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы 16 жыл, осы мектепте 16 жыл. |
| **Мектеп психологы:** | Бекенова Жанар Жомартовна, 1992 ж.т., білімі жоғары, жұмыс өтілі 1 жыл 11 ай. |

Ағымдағы оқу жылында барлығы 23 мұғалім, оның **21-і лицензиат болып табылатын мекеменің қызметкерлері.** Жоғары білімді мұғалімдер **82.6 %,**

арнайы орта **17,4 %,** педагог-зерттеушілер мен педагог-сарапшылардың үлесі – **40,91%** құрайды.

Жоғары білімді – 19,

Арнайы орта білімді – 4,

(2 мұғалім жоғары оқу орнын жалғастыруда),

Педагог - модератор – 7,

Педагог - сарапшы – 3,

Педагог - зерттеуші – 4,

Жас мамандар – 4.

**Бастауыш сыныптарда** педагогтардың жалпы саны **- 9**, оның **9-уі лицензиат** болып табылатын мекеменің қызметкерлері. **Жоғары білімді – 5** мұғалім, **арнайы орта білімді– 4** мұғалім. Педагогтердің біліктілік санатының деңгейі бойынша **педагог-зерттеуші– 2**, **педагог-сарапшы– 1,** педагог-модератор– 3. Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагог-зерттеушілердің, педагог- сарапшылардың үлесі- **33,3 %** құрайды.

**Негізгі орта білім** деңгейі педагогтерінің жалпы саны**– 17 мұғалім** оның **15- сы лицензиат** болып табылатын мекеменің қызметкерлері. **Жоғары білімді– 17** мұғалім. Педагогтердің біліктілік санатының деңгейі бойынша **педагог-зерттеуші– 3, педагог-сарапшы– 2,** педагог-модератор– 5. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагог-зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың үлесі – **29,4 %** құрайды.

**Жалпы орта білім** деңгейі педагогтерінің жалпы саны– **13** мұғалім оның **12- сі лицензиат** болып табылатын мекеменің қызметкерлері. **Жоғары білімді– 12 мұғалім.** Педагогтердің біліктілік санатының деңгейі бойынша **педагог- зерттеуші– 3, педагог-сарапшы– 2,** педагог-модератор– 3. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагог-зерттеушілердің, педагог-сарапшылардың үлесі – **38,4 %** құрайды.

**Педагогикалық кадрлардың гендерлік құрамы:**

| **Жынысы** | **2024-2025 ж** | |
|---|---|---|
| | Саны | Сапасы % |
| Әйелдер | 16 | 69,5 |
| Ерлер | 7 | 30,5 |
| **Барлығы** | **23** | |

**Тиісті бейін бойынша педагогикалық кадрлардың білімі:**

| **Білімі** | **2024-2025 ж** | |
|---|---|---|
| | Саны | Сапасы % |
| Жоғары | 19 | 82,6 |
| Арнайы орта | 4 | 17,4 |
| **Барлығы** | **23** | |

**Педагогикалық кадрлардың біліктілік санатының деңгейі:**

| **Біліктіліксанаты** | **2023-2024 ж** | |
|---|---|---|
| | Саны | Сапасы % |
| Жоғары | - | - |
| Педагог–зерттеуші | 4 | 17,4 |
| Педагог–сарапшы | 3 | 13,04 |
| Педагог–модератор | 7 | 30,4 |
| **Барлығы** | **23** | |

Барлық 23 мұғалім диплом бойынша мамандықтың оқытылатын пәнге тиісті бейіні бойынша сабақ береді. Оқу жылының басында сотталмағаны туралы анықтама барлық 23 мұғалімде бар. Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын медициналық тексеруден өтті. 2024-2025 оқу жылының басында барлық 23 мұғалімге жұмысқа рұқсат берілді.

Жыл сайын жаңа оқу жылында педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективті жоспары жасалады, перспективті жоспар жыл сайын педагогтерді қабылдау мен жұмыстан шығаруды ескере отырып жаңартылады. Барлық педагогтар, соның ішінде жаңадан келген және жас мамандар жаңартылған білім беру мазмұны аясында өз пәні бойынша біліктілікті арттыру курстарынан және қашықтықтан оқыту форматында педагогтарды даярлау курстарынан өтеді.

**Басшы мен орынбасарлардың біліктілігін арттыруы:**

| Курстар | 2024-2025 ж |
|---|---|
| Педагогикалық шеберлік орталығы | 0 |
| «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ | 0 |
| Start академиялық орталығы | 0 |

**Педагогтардың біліктілігін арттыруы:**

| Курстар | 2024-2025 ж |
|---|---|
| ЖСШ «Bilim Media Group» | |
| «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ | 3 |
| Педагогикалық шеберлік орталығы | 1 |
| «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты»КЕАҚ | 2 |
| ҚР білім және ғылым министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы»РМҚК | |
| **Барлығы** | **6** |

**2024-2025 оқу жылында** біліктілік арттыру курсынан 6 педагог өтті. Бұл 26,1 % құрайды.

**Білім беру саласындағы конкурстар мен жарыстардың қатысушылары**

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада қатысушылары мен жеңімпаздары:

**Аудандық кезең**

| Оқу жылы | Сынып | Оқушы | Нәтиже | Пәні | Жетекші |
|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 5 | Нурпеисова Аяулым | 1 орын | Орыс тілі мен әдебиеті | Уристимбаева Л.М. |
| | 6 | Талгатбекқызы Сезім | 3 орын | Қазақстан тарихы | Ануар Б. |
| | 7 | Ақсүйін Мерей | 1 орын | Орыс тілі мен әдебиеті | Уристимбаева Л.М. |
| | 9 | Нуркина Аружан | 3 орын | Орыс тілі мен әдебиеті | Дощанова Н.У. |
| | 9 | Оспанова Алтын | 1 орын | Ағылшын тілі | Рамазанова А.А. |
| | 10 | Кабден Арайлым | 1 орын | Қазақстан тарихы | Ануар Б. |
| | 10 | Шынуар Назым | 1 орын | Қазақстан тарихы | Ануар Б. |

**Облыстық кезең**

| Оқу жылы | Сынып | Оқушы | Нәтиже | Пәні | Жетекші |
|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 5 | Нурпеисова Аяулым | Сертификат | Орыс тілі мен әдебиеті | Уристимбаева Л.М. |
| | 7 | Ақсүйін Мерей | 2 орын | Орыс тілі мен әдебиеті | Уристимбаева Л.М. |

3-4, 5-6 сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа», 10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек» математикалық олимпиада қатысушылары мен жеңімпаздары:

**Аудандық кезең**

| Оқу жылы | Сынып | Оқушы | Нәтиже | Пәні | Жетекші |
|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 3 | Кәрімжан Жансұлу | Сертификат | Математика | Ильясова Г.М. |
| | 3 | Байжан Назар | Сертификат | Математика | Ильясова Г.М. |
| | 3 | Қасымхан Айзере | Сертификат | Математика | Ильясова Г.М. |
| | 3 | Дүйсенбек Әмина | Сертификат | Математика | Ильясова Г.М. |
| | 4 | Жүнісбек Қайсар | 1 орын | Математика | Уристимбаева Л.М. |
| | 5 | Хамит Арлан | 1 орын | Математика | Дауренбекова Ж.С. |

**Облыстық кезең**

| Оқу жылы | Сынып | Оқушы | Нәтиже | Пәні | Жетекші |
|---|---|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 4 | Жүнісбек Қайсар | Ерекше нәтиже көрсеткені үшін грамота | Орыс тілі мен әдебиеті | Уристимбаева Л.М. |
| | 5 | Хамит Арлан | Сертификат | Математика | Дауренбекова Ж.С. |

**Республикалық кезең**

| Оқу жылы | Сынып | Оқушы | Нәтиже | Пәні | Жетекші |
|---|---|---|---|---|---|
| «Алтын түлек» олимпиадасы | | | | | |
| 2024-2025 | 10 | Кабден Арайлым | Ерекше нәтиже көрсеткені үшін грамота | Математика | Дауренбекова Ж.С. |

**Ғылыми жоба қатысушылары мен жеңімпаздары:**

Аудандық кезең

| № | Оқушының аты жөні | Жоба атауы | Нәтиже | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Талгатбекқызы Назерке | «Зерде» ғылыми-зерттеу байқауы Қалдық заттарға екінші өмір беру | 1 орын | Кумарова Б.Р. |
| 2 | Жанарбекқызы Айзере | «Оқушы сөмкесінің салмағы қанша?» | 1 орын | Кумарова Б.Р. |

Облыстық кезең

| № | Оқушының аты жөні | Жоба атауы | Нәтиже | Жетекшісі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Талгатбекқызы Назерке | «Зерде» ғылыми-зерттеу байқауы Қалдық заттарға екінші өмір беру | 1 орын | Кумарова Б.Р. |
| 2 | Жанарбекқызы Айзере | «Оқушы сөмкесінің салмағы қанша?» | 1 орын | Кумарова Б.Р. |

**Аудандық деңгей**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Конкурс | Нәтижесі |
|---|---|---|---|
| 1 | Кумарова Булбул Рахимовна | Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңі | Сертификат |
| 2 | Уристимбаева Лиана Маратовна | Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық кезеңі | Сертификат |

**Республикалық деңгей**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Конкурс | Нәтижесі |
|---|---|---|---|

**Халықаралық деңгей**

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Конкурс | Нәтижесі |
| --- | --- | --- | --- |

**Озық тәжірибе тарату: (аудандық, облыстық деңгейлер), жарияланымдар:**

1. Уристимбаева Лиана Маратовна – «Қостанай дарыны» журналы, «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары», 30.04.2025, №000492.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ.**

**2024-2025 оқу жылы.**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 2024-2025 оқу жылының **басындағы** білім алушылар контингенті–**126** оқушы. 2024-2025 оқу жылы барысында барлығы 5 оқушы келді:

| № | Аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | Сыныбы | Келген күні | Бұйрық № |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Аней Айдос Жанболатұлы | 22.08.2012 | 6 | 09.09.2024 | №47 |
| 2 | Аней Айдана Жанболатқызы | 28.04.2014 | 5 | 09.09.2024 | №46 |
| 3 | Абилов Осман Какимбекұлы | 04.06.2016 | 3 | 11.09.2024 | №48 |
| 4 | Сәбитбек Таймас Нұрсұлтанұлы | 02.12.2016 | 2 | 02.10.2024 | №48/1 |
| 5 | Төлмәт Темірлан Жамбайұлы | 25.04.2010 | 8 | 30.10.2024 | №49 |

2024-2025 оқу жылы барысында барлығы 3 оқушы кетті:

| № | Аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | Сыныбы | Кеткен күні | Бұйрық № |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Амантай Бекмұхаммед Талғатұлы | 05.06.2018 | 2 | 05.11.2024 | №50 |
| 2 | Жұмағазықызы Қазына | 14.03.2017 | 2 | 29.11.2024 | №51 |
| 3 | Исингазы Саян Нурланұлы | 15.11.2009 | 9 | 20.02.2005 | №5 |

**2024-2025 оқу жылының соңында – 126 оқушы:**

**1 - 4 сыныптар** аралығында – 50 оқушы, оның ішінде қызы - 24;

**5 - 9 сыныптар** аралығында – 65 оқушы, оның ішінде қызы - 33;

**10 - 11 сыныптар** аралығында – **11** оқушы, оның ішінде қызы - 5.Оқу деңгейлері бойынша сыныптардың орташа толуы:

1 - 4 сыныптарда – 12;

5 - 9 сыныптарда – 13,

10-11 сыныптарда - 5.

Оқыту деңгейлері бойынша комплект:1 – 4 сыныптар (4 сынып жиынтығы);

5 - 9 сыныптар (5 сынып жиынтығы);
10 – 11 сыныптарда (2 сынып жиынтығы). Мектепте барлығы **11** сыныпжиынтығы бар.
Оқушылардың жалпы саны **126 болса,** сыныптың орташа толу деңгейі 11баланы құрайды.
Мектептегі сабақтар бір ауысымда өтеді.

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС.**

*Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;*

Ұйымдағы оқу - тәрбиелеу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін ұйымдардың түрлері бойынша қызметтің типтік ережелері (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен бекітілген тиісті типтегі білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыс оқу жоспары жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарлары негізінде жасалады және тамыз айында өткізілетін № 1 мектеп педагогикалық кеңесінде бекітіледі және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімі» ММ сараптамадан өтеді.

**2024-2025 оқу жылында** жұмыс оқу жоспары келесі нормативті құжаттарнегізінде құрылған:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

✓ "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 1 қосымша.

✓ "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығына 6 қосымша.

✓ "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығына 86 қосымша.

✓ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.

✓ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты.

Оқу бағдарламасының мазмұнының көлемі типтік оқу бағдарламасының инвариантты және вариативті бөлігінің оқу жүктемесі шеңберінде жүзеге асырылады. 2024-2025 оқу жылында Үлгілік оқу жоспарларының вариативті компонентінің сағаттарына байланысты 1 - 4 сыныптарда дамытушы сипаттағы жеке және топтық сабақтар (аптасына 5 сағат); 5 - 9 сыныптарда «**Жаһандық құзыреттілік»** (аптасына 3 сағат); 10-11 сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» (аптасына 2 сағат), элективті курстар (аптасына 4 сағат);

енгізілді:

«Тіл дамыту» -1 сынып, 1 сағат,

«Көркем сөз»- 2 сынып, 1 сағат,

«Сиқырлы сандар» -2 сынып, 1 сағат,

«Қызықты математика»- 3 сынып, 1 сағат,

«Логика әлемі» - 4 сынып, 1 сағат,

«Жаһандық құзыреттілік» - 5 сынып, 0,5 сағат,

«Жаһандық құзыреттілік» - 6 сынып, 0,5 сағат,

«Жаһандық құзыреттілік» - 7 сынып, 0,5 сағат,

«Жаһандық құзыреттілік» - 8 сынып, 0,5 сағат,

«Жаһандық құзыреттілік» - 9 сынып, 1 сағат,

«Жаһандық құзыреттілік» - 10 сынып, 1 сағат,

«Жаһандық құзыреттілік» - 11 сынып, 1 сағат,

«Мамандықтар әлемі» - 10 сынып, 1 сағат,

«3D MAX ортасындағы 3D графикасы» -10 сынып, 1 сағат,

«Цифрлық сауаттылық» - 11 сынып, 1 сағат,

«Мамандықтар атласы» - 11 сынып, 1 сағат.

***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік***

***тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ***

***үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;***

**2024 - 2025 оқу жылы** инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің негізгі мазмұнын игеру:

✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы

21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

✓ «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы;

✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен жүзеге асырылады.

***Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге жәнежалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;***

Қазір білім мен тәрбие беруде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына және ұлтжандылық қасиеттерді бойына сіңіруге үлкен мән беріліп отыруына орай, азаматтық патриоттық, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие бағыттарының өзегі болып отыр, 2023-2024 оқу жылын қамти отырып «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру ма0сатында тәрбие жұмысы жұмысының жоспары жүйеленді.

**МАҚСАТЫ:**

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

**МІНДЕТТЕРІ:**

**Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелу.

- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас

қалыптастыру;
- ➢ өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- ➢ әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

- ➢ басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- ➢ өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- ➢ еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- ➢ біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- **БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:**

➢ Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

➢ Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

**Қыркүйек** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Қазан айы** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Қараша айы** – әділдік және жауапкершілік айы;
**Желтоқсан** – бірлік және ынтымақ айы;
**Қаңтар** – заң және тәртіп айы;
**Ақпан** – жасампаздық және жаңашылдық айы;
**Наурыз** – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
**Сәуір** – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
**Мамыр** – бірлік және ынтымақ айы.

**КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

**6 - ҚҰНДЫЛЫҚ:**

- ✓ Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық_
- ✓ Құндылық: бірлік және ынтымақ
- ✓ Құндылық: әділдік және жауапкершілік
- ✓ Құндылық: заң және тәртіп
- ✓ Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- ✓ Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық_

Жаңа оқу жылының басында Бір тұтас тәрбие бағдарламасының негізінде жұмыс жоспары бекітілді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде төмендегі нормативті -құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

1. **«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясыhttps: //adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;**
2. ҚазақстанРеспубликасыныңКонституциясыhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002
3. "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексіhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
4. 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасыҚазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат

тұжырымдамасыhttps://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext
5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV
7. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI
8. "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері https://nao.kz/

***Жылда аталып өтілетін мерекелік іс-шаралар мен акциялар:***

**Қыркүйек айында** «Білім күні», «Тілдер күні», «Күзгі балл», «Денсаулық күні», балалардың өмір қауіпсіздігі мен жолдағы қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы апталықтар мен он күндіктер.

**Қазан айында** «Карттар күні», «Ұстаздар күні», «Мейірімділік күні».

**Қараша айы** «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы асыл қазына» он күндік, «Зорлық –зомбылықсыз 16 күн» республикалық акция.

**Желтоқсан айы** тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар, Халықаралық ЖИТС пен күресу күні , құқықтық тәрбие беру айлығы, отбасындағы зорлық-зомбылықтарды болдырмаудың алдын алу жұмыстары, «Жасыл шырша жанында» атты мерекелік іс-шара.

**Наурыз айы** «Алғыс күні», Халықаралық әйелдер күні, «22 наурыз», азаматтық қорғаныс күні.

**Сәуір айы** «Ғарышкерлер күні» , «Үздік жасыл сынып акциясы».

**Мамыр айы** «Қазақстан халқының бірлік күні», жеңіс күніне арналған іс-шаралар, «Сыңғырла соңғы қоңырау».

**Маусым айы** «Балаларды қорғау күні», ҚР рәміздер күні, Есірткімен күрес күні, «Мектеп бітіру кеші», Түлектер аллеясына ағаш отырғызу акциясы,
«Ақ желкен» мектеп ауласынан құрылған лагердің ашылуы.

Оқушылар ұжымын біріктіру, оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту және педагогтер мен балалар арасындағы ынтымақтастық мақсатында «Жас Ұлан», «Жас Қыран», балалар ұйымының, сондай – ақ «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқаруының қызметі жұмыс атқарады.

**«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қамтылу көрсеткіші**

| Жылдар | Жалпы балалар саны | «Жас Қыран» 1-4 сыныптар | «Жас Ұлан» 5-11 сыныптар | Мектеп парламенті (сынып әкімдері) 5-11 сыныптар |
|---|---|---|---|---|
| 2023 – 2024 | 118 | 37 | 57 | 10 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2024 - 2025 | 126 | 50 | 89 | 10 |

«Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелері қыркүйек айында тілдер күніне орай «Тілім - тірегім» атты салтанатты жиынын өткізіп әдеби монтаж , сахналық қойылым, дебат сайысы, зияткерлік ойындар ұйымдастырды.
Қыркүйек айының үшінші аптасында «Жас Ұлан» өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау жүргізіледі.
1 қазан қарттар күніне орай «Қарты бар үйдің қазынасы бар» тақырыбында ата – әжелерге арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
9,10,11 сынып оқушылары ұстаздар күніне орай дублер күні мен мерекелік концерт ұйымдастырып , өздерінің ұстаздарына құрмет көрсетті.
«Жолда жүру ережесін сақтайық!» жас жол инспекторлары сайысы, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Ән жырымыз саған арналады» патриоттық әндер сайысы, желтоқсан айында «Шынықсаң шымыр боласың» тақырыбындағы түрлі формада спорттық сайыстар ұйымдастырылды.
Сонымен қатар мектепте «Таңшолпан» балалар театры жұмыс атқарады.Театрға 1-11 сынып оқушылары қатысады.
Патриоттық тәрбиенің жастар болашағы үшін маңызы зор. Оқушылардың Алғашқы әскери дайындық пәніне алған теориялық білімдерін іс – тәжірибе негізінде жетілдіріп, болашақ жас сарбаздарды әскер қатарына дайындау мақсатында «Жас сарбаз» ұйымы құрылды. Ұйым оқушылары дала жаттығуларына қатысумен қатар аудандық сайыстарының жүлдегерлері.
Оқушылар оқу – дала жиындарында алғаш рет оқ қаруын қолданып, сарбаз міндетін сезінеді. Оқу – дала жиыны жастарға тактикалық дайындық, атыс дайындығы, саптық дайындық және әскери топография жөнінде практикалық сабақтар өткізіледі. Биылғы оқу жылында «Жас сарбаз» әскери дайындық клубының оқушылары облыстық «QAISAR» әскери-патриоттық ойындарының іріктеу кезеңіне қатысқандары үшін Алғыс хат пен 3 орын иегерлері атанды.
**«Үндестік» жобасын іске асыру жұмысының нәтижесі.**
«Үндестік» жобасын іске асыру барысында мектепішілік жоспар құрылды. Мектеп директоры жобаны іске асыру бойынша жауапты тұлғаларды тағайындады. Білім беру ұйымдарында педагогтер мен ата-аналардың өзара іс – қимылын жақсартуға бағытталған «Үндестік» облыстық жобасының тиімділігін насихаттау мақсатында 2021 жылдың 16 қарашасынан бастап жоба жүзеге асырыла бастады. Осы тұста атқарылған жұмыстар; 1-18 қараша күндері ата-аналар жиналысы мен қамқоршылық кеңесінің отырысы өткізіледі. Отбасы мен мектеп бір-бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым. Саналы ұрпақты тәрбиелеу үшін бірлескен жұмыс жақсы нәтижеге апарары сөзсіз. Осы тұста құрылған жоспар бойынша біршама нәтижелі жұмыстар атқарылды, Ұстаз, ата-ана, оқушылар мектепішілік волейбол жарысы, «Әке – асқар тау» әкелер сайысы, «Әжемнің сөзі» әжелер сайысы, «Оқуға құштар отбасы», ата-аналар жиналысы, сенбіліктер т.б.
**«Қамқоршылық кеңес » жұмыс жүйесі.**
ҚР Білім және ғылым минстрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» негізінде 2017 жылғы 17 мамырдағы №59/1 бұйрығына енгізу мақсатына сәйкес 12.05.2017, № 56/1 қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және құрамын сайлау бойынша мектепішілік бұйрық шығарылып бекітілді. Қамқоршылық кеңесінің құрамы 9 адаммен

жасақталды. Құрамын сайлау барысында барлық ережелер сақталды. Өткізілген отырыстарына хаттамалар қоса жазылады. 2024-2025 оқу жылдарында ұйым мүшелері келесі жұмыс барысында қолдау көрсетті;

- ✓ «Мектепке жол» акциясы.
- ✓ Қайырымдылық шаралары.
- ✓ Мектепішілік іс-шаралар.
- ✓ «Ұлттық киім күні» аптаның әр жұмасы.
- ✓ Ата-аналар жиналысы.
- ✓ Аудандық,облыстық және республикалық қайырымдылық акциялары.
- ✓ Аудан сыртында ұйымдастырылатын жарыстар мен сайыстарға бару.
- ✓ Жаңа жылға арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру.

**Қосымша біліммен қамтылған оқушылардың ұлғаю динамикасы**

| № | Қамтылған жылдар | Оқушылар саны | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жалпы бала саны | Қамтылған оқушы саны | Сапа |
| 1 | 2023 – 2024 | 117 | 104 | 89 % |
| 2 | 2024-2025 | 128 | 116 | 91 % |

**«Біртұтас тәрбие» жобасы аясында атқарылған шаралар.**

Оқу жылының барысында әр айға берілген ай атауларына байланысты сонымен қатар аптаның дәйексөздерін және де тәрбие жұмысының жылдық жоспарын басшылыққа ала отырып айлық және апталық жоспар құрылу арқылы біртұтас тәрбие бағдарламасының күнделікті,апталық және айлық жұмыстары жүргізіліп отырды. Бағдарлама бойынша берген құндылықтар мен жобалар бойынша атқарылған жұмыс нәтижелері мектептің әлеуметтік желілеріне салынып отырды.

Мектепішілік балалар театры, өзін-өзі басқару ұйымы, мектеп парламенті, ұшқыр ой алаңы «Мұрагер» дебат командасы, әкелер мен әжелер клубтары да қарқынды жұмыс жүргізілді. Мектепішілік іс-шаралар мен аудандық және облыстық іс-шараларда мектебіміз жақсы нәтижелерге қол жеткізіп жүргізілген жұмыстың сапаларының жоғарылылығын көрсете білді. «Мұрагер» дебат командасы аудандық пікірсайыс турнирлерінің жеңімпазы атанып бірнеше рет облыстық ойындарда өнер көрсетті. Мектепішілік футбол және волейбол командалары , оның ішінде ұлдар және қыздар командалары жақсы нәтиже көрсетіп облыстық кезеңдерде өнер көрсетті.

Қазір білім мен тәрбие беруде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына және ұлтжандылық қасиеттерді бойына сіңіруге үлкен мән беріліп отыруына орай, азаматтық патриоттық, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие бағыттарының өзегі болып отыр.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудағы 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыс барысында барлық талаптар мен ережелер сақтала отырып жүзеге асырылды. Бағдарламада берілген күнделікті, апталық айлық жұмыстармен қатар жобалар мен клубтар, үйірмелер жұмыстарыда қажетті деңгейде жүргізілді. Нәтижесінде 2024-2025 оқу жылына құрылған жұмыс жоспары толық жүзеге асырылды.

**Антитерроризмге қарсы іс-қимыл:**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Федоров ауданы білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ – де діни экстремизм мен терроризмнің алдын – алу жұмыстары бойынша бұйрық шығарылып, насихаттаушы

ақпараттық топтың құрамы бекітілді.

**Антитерроризмге қарсы іс-қимылдарды болдырмау үшін төмендегідей жұмыстар атқарылды:**

✓ Мектеп қызметкерлеріне террорлық әрекеттен сақтану, қауіпсіздік шараларына дайын болу жөнінде видео материалдар көрсету;

✓ Бірінші қабаттағы күзетшіге сырттан келген бөгде адамды мектеп ішіне кіргізбеуді қатаң түрде ескерту;

✓ Сынып жетекшілері оқушыларға күдікті заттарды ұстамау, ересектерге хабар беруге үйрету;

✓ Тыйым салынған сайттарға кірмеуді ескерту;

✓ Телефон арқылы жалған ақпарат бермеу, егер жалған ақпарат берген жағдайда тиісті заң өкілдері жауапқа тартуы мүмкін екендігін ескерту.

**Қалыптасу жолдары мен қоғамдық құрылысқа тигізер ықпалын анықтау барысында:**

✓ Қоғамдық антитерроризмге қарсы іс-шаралар ұйымдастырылады;

✓ 9 сыныптарға арналған дінтану сабағында арнайы бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізіледі;

✓ Оқушыларға бүгінгі күннің өзекті мәселесі антитерроризм екендігін түсіндіре отырып, бірнеше ашық тәрбие сағаттары жүргізіледі;

✓ Арнайы қоғамдық заң орындарынан келіп 9-11 сыныптар арасында түрлі бағыттарда іс-шаралар өткізіп, түсініктер бере отырып ҚР лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері мен қазіргі ахуалы жайлы ақпараттармен бөліседі.

✓ Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция қызметкерлерімен «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында әңгімелесу өткізіледі.

**Акциялар, сынып сағаттары, тақырыптық іс-шаралар:**

«Смартфонсыз бір күн» акциясы, «Терроризм – ғасыр қаупі», «Әлемдік діндер.Тарих және заман», «Ислам мәдениеті», «Құқық бұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын алу», «Заң және жауапкершілік», «Жасөспірім және діни секталар», «Қазіргі діни ұйымдар» т.б.

Мамыр айында мектеп ұжымы «»Профиллактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру міндеті» тақырыбында антитерроризмге қарсы курсынан өтті.

**Адал ұрпақ» клубының жұмысы:**

Жыл сайын азаматтық – патриоттық және рухани адамгершілік тәрбие аясында білім беру ұйымдарында оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылып жұмыс жоспары бекітіледі. «Адал ұрпақ» клубына 9-11 сынып оқушылары қабылданады, барлық қамтылған оқушы саны 10 кем болмайды. Клуб жетекшісі ДТІЖО.

Клубтың өз ережесімен бірге «Адал ұрпақ – парасатты азамат» бұрышы бар.

Сыбайлас жемқорлық тақырыбы қазіргі заманда өзекті болып табылғандықтан осы бағытта атқарылған жұмыстар мен өткізілген байқауларға жиі қатысамыз.

**«Адал ұрпақ» клубының жоспар бойынша атқарылған жұмыстары мен жетістіктері:**

1-11 сынып оқушылар «Тәуелсіздік жастар көзімен» сынып сағаттары. 2025 жылдың ақпан айы 5-8 сынып оқушылары үшін «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбындағы эссе байқауы. Наурыз айы 7-8 сынып оқушылары «Сыбайлас

жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында іскерлік ойыны.
2024 – 2025 оқу жылы 3 қараша 3, 4 сынып оқушыларының арасында «Сыныптың көшбасшысын сайлау» тақырыбындағы іскерлік ойыны.
2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары Біртұтас тәрбие тұжырымдамасына сүйене отырып құрылып бекітілді. Жаңа құрам сайланды , биылғы оқу жылында да ұйым құрамына 9-11 сынып оқушыларының арасынан 10 оқушы жеке өтініштері бойынша қабылданды. «Адал ұрпақ» клубының бұрышы жабдықталып, құжаттары бекітілді 1-11 сыныптардың кабинеттерінде «Құқықтық сауаттылық» бұрыштары жасақталды. Алдағы уақытта клуб жұмысы құрылған жоспары бойынша жұмысын жалғастырады.
**«Зорлық-зомбылықтың алдын алу» жұмыстары бойынша:**
Жасөспірімдер арасындағы зорлық – зомбылықты болдырмау мақсатында ата – аналармен тығыз жұмыс атқару. Оқушыларға толеранттылық туралы туралы мағұлмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуге тәрбиелеуді мақсат ете отырып жұмыстар жүргізілді. Мектеп оқушылары арасында әлімжеттік, зорлық –зомбылық, буллинг, кибербуллинг тақырыптарында үнемі жұмыстар жүргізіледі. Қатыгез қарым – қатынас және зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 5-11 сынып оқушыларымен сауалнама жүргізіледі.

| Оқу жылдары | Тоқсан | 5-11 сыныптарда оқитындар саны | Сауалнамаларға қатысқан оқушылар саны | Анықталған оқушылар саны |
|---|---|---|---|---|
| **2024-2025** | I | 77 | 77 | 0 |
| | II | 77 | 77 | 0 |
| | III | 76 | 76 | 0 |
| | IV | 76 | 76 | 0 |

Жүргізілген сауалнамалар қорытындылары бойынша білім алушылар арасында тұрмыстық зорлық – зомбылықтан зардап шеккен оқушылар анықталмады. Сонымен қатар аудандық аурухана қызметкерлерінің қатысуымен 9 – 11 сынып қыз балаларымен жыныстық сауаттылықты арттыру, тазалық гигиенасы, зиянды заттардан аулақ жүру, ерте жастағы жүктілік мәселелері бойынша жиналыстар жүргізіліп тұрады.

**«Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу».**
1. Аутодеструктивті мінез – құлқы бар оқушыларды анықтау.
2. Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алуға білім алушылармен жеке және топтық жұмыстар, психопрофилактикалық және психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.
3. Аутодеструктивті мінез – құлықты алдын алуға ата – аналармен және педагогикалық ұжыммен жеке және топтық жұмыстар, психопрофилактикалық және психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.

5-11 сынып оқушылары қатыгездік аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында сауалнамалар жиі жүргізіліп тұрады.
Жүргізілген сауалнамалар қорытындылары бойынша анықталған оқушылар «Ерекше назар» қажет ететін тізімге алынды. Мектеп психологы ерекше назардағы білім

алушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізеді.
5-11 сынып оқушылары арасында жағымды көңіл – күй тудыру мақсатында психологиялық тренингтер өткізіледі. Білім алушылар арасында жағымды көңіл – күй тудыруға, өздеріне құрметпен карауға баулуға, сыныпта сыйластық қарым – қатынас орнатуға бағытталған.

**Девиантты мінез-құлықтың алдын алу:**

1. Девиантты мінез – құлқы бар білім алушыларды анықтау.
2. Девиантты мінез – құлықты алдын алуға білім алушылармен жеке және топтық жұмыстар, психопрофилактикалық және психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.
3. Девиантты мінез – құлықты алдын алуға ата – аналармен және педагогикалық ұжыммен жеке және топтық жұмыстар, психопрофилактикалық және психодиагностикалық жұмыстар жүргізу.

Девиантты мінез - құқтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілері оқу әр жылының басында оқушылардың бос уақытының ұйымдастырылуын қадағалайды. Мектеп психологы мен әлеуметтік педагог білім алушылармен «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» атты сауалнама жүргізді, мақсаты: оқушыларға адамды жақсылыққа жетелейтін жақсы қасиеттермен , әрбір жақсы істердің шапағаты туралы түсінік беру және девианты мінез – құлықты алу мақсатында психологиялық сабақтар өткізіп тұрады.

**Педагог – психологтың ата-аналармен жүргізілген жұмыстар нәтижесі.**

- ✓ Жасөспірім және ата-ана. Байланысты қалай жоғалтпауға болады? – ата-аналар жиналысы.
- ✓ «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек»
- ✓ «Отбасы – тәрбие көзі» тренинг.
- ✓ «5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» тақырыбындағы ата – аналар жиналысы.
- ✓ Қарым – қатынаста біз қандаймыз? Ата-аналар мен оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын жақсарту тренингі.

**Әлеуметтік педагог:**

1. Ата-аналармен тығыз байланыста;
2. Оқушылардың әлеуметтік мәселелерін зерттейді;
3. Қиын өмірлік жағдайларға тап болған қолайсыз отбасылар мен отбасылардан шыққан балаларды есепке алу және алдын алу жұмыстарын жүргізеді;
4. Балаларды әлеуметтік қорғауды жүзеге асырады;
5. Мектептің оқушылары, ата-аналары мен педагогтері арасында құқықтық, ұйымдастырушылық, профилактикалық мәселелер бойынша ағартушылық, консультациялық қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Оқу жылының басында мектептің оқушылар ұжымына мониторинг жүргізілді, оның барысында отбасылардың материалдық өмір сүру деңгейін анықтау, контингент диагностикасы үшін белгілі бір мәртебелік санаттар бойынша оқушылардың тізімдері жасалды.
Деректер мектеп құжаттамасын зерделеу, сыныптардың әлеуметтік төлқұжаттарын жасау, ата-аналармен, сынып жетекшілерімен, оқушылармен әңгімелесу, тестілеу, сауалнама жүргізу арқылы алынды.
Барлық жұмыстың нәтижесінде мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды.

**Педагогикалық ұжыммен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс.**

Жыл бойы сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне келесі мәселелер бойынша көмек көрсету жұмыстары жүргізілді:

1. Сыныптың әлеуметтік паспортын жасау;
2. Диагностикалық іс-шаралар мен тестілеуді өткізу;
3. Мектеп есебінде тұрған балалармен жұмысты ұйымдастыру.

**«Мектепке жол» республикалық акциясы бойынша атқарылған жұмыстар:**

Жыл сайын елімізде «Мектепке жол» дәстүрлі республикалық акциясы өз бастамасын алады.

"Мектепке жол" қайырымдылық акциясының мақсаты - аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға материалдық және қаржылық көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке бармаудың алдын алу.

**Қамқоршылық пен патранаттық тәрбиедегі оқушылар**

| Жылдар | Оқушы саны | жетім | Патранаттық тәрбие |
|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 132 | 1 | 1 |
| 2024-2025 | 132 | 1 | 1 |

**Тамақтану бойынша жалпы ақпарат**

| Жылдар | Оқушы саны | Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар | Тегін тамақпен қамтылған оқушылар | Сыныптар |
|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 132 | 132 | 49 (1-4)<br>25 (5-11) | 1-4 сыныптар-49<br>5-9 сыныптар-23<br>10-11 сыныптар -2 |
| 2024-2025 | 132 | 132 | 50 (1-4)<br>20 (5-11) | 1-4 сыныптар-50<br>5-9 сыныптар-18<br>10-11 сыныптар -2 |

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығымен бекітілген шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне тегін тасымалдауды ұсыну мемлекеттік қызмет болып табылады.

| Жылдар | Оқушы саны | Елді мекендер | Жаркөл және жергілікті автобуспен қатынайтын оқушылар |
|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 132 | Копыченко-5<br>Костряковка-1<br>Кенерал-1<br>Жыланды-1<br>Копыченко-<br>1 оқушы үйден қатынап оқиды. | Жаркөл-16<br>Жергілікті автобус-40 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2024-2025 | 132 | Копыченко-6<br>Костряковка-1<br>Кенерал-4<br>Жыланды-1<br>Копыченко-<br>1 оқушы үйден қатынап оқиды. | Жаркөл-16<br>Жергілікті автобус-43 |

**Жазғы сауықтырумен қамтылған оқушылар туралы ақпарат**

| Жылдар | Оқушы саны | Болашақ | Балдаурен | Парус |
|---|---|---|---|---|
| 2023-2024 | 132 | 6 | 4 | - |
| 2024-2025 | 132 | 4 | 2 | - |

**Сынып жетекшілер базасы.**
Мектебімізде 1-11 сыныптардан 11 сынып жасақталған, 11 сынып жетекші жетекшілік атқарады. Сынып жетекшілік қызмет атқаратын әр ұстаз лауазымдық міндетті толық ұсына отыра, ата-аналармен, оқушылармен, қоғамдық орындармен ынтымақтаса отырып іс-әрекет жасай біледі.
7 сынып жетекші жоғары білімді, 4 сынып жетекші арнаулы орта білімді.
Оқу жылының басында мектепішілік тәрбие жұмыс жоспарын басшылыққа ала отырып әр сыныптың жас ерекшелігін ескере отырып, мектептің тәрбие жұмысының жоспары құрылды. Сыныптың тәрбие жоспарын жасау барысында әр сынып жетекшісі құқықтық нормативтік актілерді және тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа алды.

| Жыл | Мәліметтер | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Білімі | | Жасы | | | | Сынып жетекшілік еңбек өтілдері | | | | |
| | Жоғары | Арнаулы орта | 20-30 | 30-40 | 40-50 | 50-60 | 1-5 | 5-10 | 10-20 | 20-30 | 30-40 |
| 2024-2024 | 7 | 4 | 4 | 5 | 2 | 0 | 6 | 2 | 3 | 0 | 0 |

**2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп кітапханасының «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған жұмыстар көрсеткіштері.**
Кітапхана өз қызметінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдары ҚР білім және ғылым министрлігінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізеді.
Кітапхананың көлемі – 62,6 кв/м. Оқырмандар отыратын орын – 12 орындық, 2 стол, 3 – компьютер , 12 – шкаф (стеллаж), әдеби кітаптар мен басқа да кітап көрмелері қойылған. Оқуға құштар бұрышы әзірленген.Заман талабына сай

кітапхана ішіндегі оқулықтар туралы мәліметтерді QR –код арқылы алуға болады.Мектеп кітапханасы заманауи талапқа сай жасақталған,оқырмандар үшін жағдай жасалған.
Кітапханада биылғы оқу жылының санағы бойынша кітап сөрелерінде 7444 кітап қойылған, 147 электронды кітап, 106 гуманитарлық ғылыми бағыттағы кітаптар,131 жаратылыстану математикалық бағыттағы кітаптар, брошюралар мен журналдар саны 415.
Сонымен қатар кітапхана сағаты мен тәрбие сағаттары кітапханада жиі өткізіліп отырады.

***Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі.***

Мектептегі кәсіптік бағдарлау жұмысының құрылымы бастауыш, орта және жоғары буын арасындағы сабақтастық қағидасында құрылған. Кәсіптік бағдарлау бағыттары - бұл ұйымдастырушылық - ақпараттық қызмет, педагог қызметкерлермен ақпараттық - консультациялық қызмет, білім алушылармен кәсіптік бағдарлау іс-шаралары, ата-аналарымен кәсіби бағдарлау қызметі. Іс - шаралар тақырыптық сынып сағаттарын өткізу арқылы іске асырылады («Әртүрлі, қажетті және маңызды кәсіптер туралы», «Пайдалы бос уақыт» жәнет.б.), сыныптан тыс іс-шаралар, түрлі мамандықтарды зерделеу бойынша АКТ қолданумен қызықты викториналар мен әңгімелер «Кім болу керек», еңбек туралы, кәсіп туралы суреттер конкурсы «Менің ата-анамның кәсібі». 1-4 сыныптар, «Болашақ кәсіптері» 5-7 сыныптар, 9-11 сынып оқушыларымен кәсіп таңдау бойынша жеке және топтық консультациялар, кәсіптік бағыттылығын анықтау, оқушылардың қабілеттерін, бейімділігін және мүдделерін анықтау мақсатында диагностикалар жүргізу, жоғары сынып оқушыларын болашақта дамитын жаңа кәсіптер туралы хабардар ету (оның ішінде Жаңа кәсіптер атласы арқылы), кәсіптік орта білім беру кәсіпорындары мен мекемелеріне экскурсиялар ұйымдастыру («Өндірісте бір күн»), оқу орындарында «Ашық есік күні» (колледждер мен жоғары оқу орындарына бару) «Кәсіби маңызды қадам таңдау» ақпараттық стендін, инстаграмм беттерін, түрлі қызмет салаларының өкілдерін шақыра отырып, әлеуметтік маңызы бар мамандықтарды дәріптеу жөніндегі кездесулерді рәсімдеу (өрт сөндірушілер, полицейлер, дәрігерлер, жедел жәрдем қызметінің, ТЖ, т.б.). Оқушылардың мамандықтарды таңдау мәселесі бойынша ата-аналармен жеке консультациялар өткізу («Отбасының өзін-өзі дұрыс анықтаудағы рөлі»).
Бейінді оқыту өз білім беру траекториясын өз бетінше саналы түрде қалыптастыру негізінде кәсіби салада өзін-өзі айқындауда әрбір білім алушы үшін жағдайларды қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектебінің жоғары буынды дамытудың жаңа тұжырымдамасы білім алушыларды, оның ішінде еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктерін ескере отырып, оқытуды дараландыруға және әлеуметтендіруге бағдарланған бейінді оқытуды көздейді. Жалпы білім беретін ұйымдардың (бастауыш, негізгі орта және жалпы

орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгі қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда, № 29329 болып тіркелді) мектепте химия - биологиялық бейіні бойынша жаратылыстану

- математика бағытындағы 10 -11 сыныптарда бейінді оқыту жүзеге асырылады. Жұмыстың негізгі мақсаты білім алушылармен кәсіби бағдарлау жұмысы жүйесі негізінде мектеп бітірушілерді кәсіби даярлау болып табылады. Осы мақсатты іске асыру білім алушылардың қабілеттеріне, бейімділігіне, жеке басының ерекшеліктеріне, қоғамның, өңірдің кадрларға деген қажеттіліктеріне сәйкес оларды саналы түрде кәсіби түрде анықтау үшін психологиялық- педагогикалық жағдайлар жасау, қоғамда әлеуметтік - кәсіптік бейімделуге қабілеттілікті қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады; қолданбалы курстар мен таңдау курстары арқылы бейінді оқытуда 10-11-сынып білім алушыларын мамандандырылған даярлау жүйесін құру; мектептегі оқу пәндерін олардың одан әрі тиімді еңбек қызметі үшін қажетті өзекті білімге кіріктіру.

**2024-2025 оқу жылынан** 11-сыныпта жаратылыстану - математикалық бағыт таңдалды, бұл ретте пәндер тереңдетілген және стандартты деңгейдегі пәндерге бөлінбейді, Үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компонентінің сағаттары есебінен «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» тақырыбы бойынша «Жаһандық құзыреттер» таңдау курсын өткізу ұсынылады. Оқудың барлық кезеңінде оқушылардың әлеуметтенуі жүріп жатыр. Мұғалімдер білім алушыларға бейінге сәйкес келетін нақты мамандық таңдауға жол көрсетеді. Білім алушылардың білім алуы, мектеп жұмысының табыстылығы көрсеткіштерінің бірі жоғары және арнаулы орта оқу орындарына түсу болып табылады.

Бейін алды оқыту аясында 8-9 сыныптарда кәсіптік бағдарлау жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағыт 9-сынып түлектерінің 10-сыныпта одан әрі оқуын немесе ТжК – де білімін жалғастыруын анықтайды.

Бұл жұмыстың нәтижелері 9-сыныпты бітірушілерді жұмысқа орналастыру қорытындысында көрсетілген:

| | 2024-2025 |
|---|---|
| Түлектер | 7 |
| 10 сынып | 4 |
| ТжК | 2 |

9-сынып түлектері бойынша мәліметтерге сүйенсек, 2024 - 2025 оқу жылында білім алушылардың 6-ауы 10-сыныпта оқуын жалғастыруды және 2 білім алушы ТжК түсуді жоспарлап отыр. Бұл білім алушылардың 10-сыныпта оқуға қалуы басымдық береді. Осылайша, мектепте негізгі мектеп түлектерінің болашақ қызметінің бейінді бағытын таңдауға қатысты өзін-өзі анықтауды қамтамасыз

ететін жағдайлар жасалады.

| Оқу жылы | Түлек | ҰБТ тап-сырды | Сапа | Оқуға түсті | | | | Оқуға түсті | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ЖОО | | ТжК | | Бюджет | | Грант | |
| | | | | саны | сапа | саны | сапа | саны | сапа | саны | сапа |
| 2024-2025 | 7 | 7 | | | | | | | | | |

10-11 сыныптарда бейінді оқыту пәндері бойынша түлектердің оқуға түсу нәтижелілігі қолданбалы курстар мен таңдау бойынша курстардың іске асырылатын бағдарламаларының тиімділігін дәлелдейді. Осылайша, 2024-2025 оқу жылында 7 түлек жоғары оқу орындарына құжаттарды тапсыруды жоспарлап отыр.

***Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.***

«Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына сәйкес білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру стандарттарын, 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 2-бабының 5-тармағын, Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-тармақшасын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында мектепте инклюзивті білім беру жұмысы жүзеге асырылады.

Медициналық қорытынды негізінде мектепте 2024-2025 оқу жылында - 1 оқушы ерекше білім беруді қажет етті.

| Диагноз | Оқушы саны |
|---|---|
| | 2024-2025 |
| | 1 |
| ЛУО | 1 |

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар жалпы білім беретін сыныптарда жеке оқу бағдарламасымен оқиды. Мұндай жеке оқу бағдарламасы ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды дамытудың жеке траекторияларын құруға және оларды оқыту мақсаттарына қол жеткізуге кезең-кезеңмен мүмкіндік береді. Түзету сыныптары жоқ.Толықтыру керек

***ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттіңфакультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;***

Оқу жұмыс жоспарының вариативтік бөлігінің бағдарламалары жыл сайын

мектептің педагогикалық кеңесінде қаралады, әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес курстар енгізіледі.

**2024-2025 оқу жылында**

| Тақырыбы | Сыныбы | Сағат саны | Мұғалім |
|---|---|---|---|
| Тіл дамыту | 1 | 1 | Кумарова Б.Р. |
| Көркем сөз | 2 | 1 | Жылкайдарова М.Б. |
| Сиқырлы сандар | 2 | 1 | Жылкайдарова М.Б. |
| Қызықты математика | 3 | 1 | Досмагамбетова Г.Т. |
| Логика әлемі | 4 | 1 | Досмагамбетова Г.Т. |
| Жаһандық құзыреттілік | 5 | 0,5 | Тлеубаева Р.С. |
| Жаһандық құзыреттілік | 6 | 0,5 | Тлеубаева Р.С. |
| Жаһандық құзыреттілік | 7 | 0,5 | Катешова А.Г. |
| Жаһандық құзыреттілік | 8 | 0,5 | Катешова А.Г. |
| Жаһандық құзыреттілік | 9 | 1 | Ануар Б. |
| Жаһандық құзыреттілік | 10 | 1 | Тлеубаева Р.С. |
| Жаһандық құзыреттілік | 11 | 1 | Ануар Б. |
| Мамандықтар атласы | 10 | 1 | Диханбаев А.М. |
| 3D MAX ортасындағы 3D графикасы | 10 | 1 | Шугайып А. |
| Мамандықтар атласы | 11 | 1 | Диханбаев А.М. |
| Цифрлық сауаттылық | 11 | 1 | Шугайып А. |

Вариативті компонент сабақтары оқушылардың қажеттіліктеріне, сұраныстарына, қабілеттері мен бейімділіктеріне сәйкес оқу пәндері бойынша білімдерін кеңейтуге, тереңдетуге және түзетуге, сондай-ақ танымдық іс әрекетті жандандыруға бағытталған.

Курстар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, зерттеу мәдениетін, тілдік құзыреттілікті, цифрлық мәдениетті дамытады. Білім алушылардың зияткерлік және тұлғалық даму міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді, танымдық мүдделер мен шығармашылық ойлауды қалыптастырады,

оқушылардың денсаулығын сақтауға және қолдауға, шығармашылықты дамытуға ықпал етеді.

Осылайша, таңдау курстары «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»(ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен ) сәйкес толық көлемде іске асырылады.

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру.**

*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудіңмемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.*

1-4-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда"Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда денешынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімендене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмірқауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқупроцесі кезінде жүргізіледі.

10-11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Мектептің қауіпсіздігі педагогикалық ұжым қызметінде басты назарда болады. Сондықтан мектептің қауіпсіз жұмыс істеу режимін қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесін жүргізу, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында жыл сайын оқу-жаттығу сабақтары (жылына 2 рет - қыркүйек, наурыз), ТЖ қызметкерлерін тарта отырып әңгімелесулер өткізіледі.

**«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.**

*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.*

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

Балалардың жол - көліктік жарақаттануының алдын алу жөніндегі қызметті жандандыру мақсатында мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес профилактикалық жұмыс жүргізіледі. Жол көлік жарақатының алдын алу жұмыстары 1-8 сыныптарда бекітілген бағдарлама бойынша жүргізілуде, оның мақсаты жол мен көшелерде қауіпсіз мінез - құлық дағдыларын қалыптастыру. Балалардың жол - көліктік жарақаттануының алдын алу, балалармен ата-аналардың жол-көлік мәдениетін арттыру болып табылады.

Жыл сайын ЖЖЕ бойынша онкүндіктер өткізіледі, оның шеңберінде сынып жетекшілері «Жолда жүру ережелері» сынып сағаттарын, «Жолда жарқын бол» сабақтарын, жолдардағы қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша «ЖЖЕ» викториналарын, «Ақылды жаяу жүргінші» конкурстарын, «Жол қозғалысы мектебі», «Жаяу жүргінші» ойындарын және сақтану бойынша нұсқаулықтарды өткізеді. Бұл ретте бастауыш сынып оқушыларына ерекше назар аударылады. Мектеп оқушылары «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясында «Біз жолдағы қауіпсіздікті қолдаймыз!» сыныпсағаттарына қатысады.

Балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болған ЖКО алдын алуға, жолда жүру ережелерін насихаттауға, жүргізушілер мен жұртшылықтың назарын балалардың жол-көлік жарақаттануы проблемасына аударуға бағытталған іс- шаралар шеңберінде жыл сайын «Қауіпсіз жол: мектеп - үй» акциясы өткізіледі. Білім алушылардың қауіпсіз қозғалыс бағыттарын әзірлеуге балалар, мұғалімдер мен ата-аналар қатысады. Жоғары сынып балалары маршруттарды сынып жетекшілерімен, бастауыш сынып балалары ата-аналарымен бірге маршруттар әзірлейді. Акцияның барлық қатысушылары қауіпсіз қозғалыс бағыттарын жасауға мүдделі, себебі олар әрбір балаға көшеде қауіпсіз мінез- құлықтың тұрақты дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, бұл жол оқиғалары мен жол жарақатының деңгейін төмендетеді. Бұл маршрут құрастыру барысында жолдың ең қауіпті және нашар қаралатын учаскелері, қарқынды қозғалысы бар көшелер талданып, әрбір бала үшін қауіпсіз маршруттар жасалады.

Бұдан басқа, мектеп фойесінде, әрбір оқу кабинетінде ЖЖЕ бойынша тақырыптық-ақпараттық стендтер бар.

Мектепте Жол қозғалысы жас инспекторлары (ЖҚЖИ) жасағы арнайы кабинетте ұйымдастырылған, онда әдістемелік және оқу материалдары ұсынылған. Жолда жүру ережелерін үйрену жұмыстарын ұйымдастыруға мектеп кітапханасында іс шаралар өткізіледі. Қыркүйек айында кітапханада «Сенің өмірің - сенің қолыңда!» кітап көрмесі безендірілді.

Демалыс алдында оқушылармен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар өткізіледі, онда жолдардағы, әсіресе көктайғақ басталған кездегі мінез-құлыққажіті назар аударылады.

Сонымен, мектепте балалардың жол көлік жарақатының алдын алу жұмыстары үшін барлық жағдай жасалған.

***Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы.***

*Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларынбекіту туралы.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013жылғы 03 сәуірдегі № 115 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8424 тіркелді.*

Оқыту процесі үлгілік оқу жоспары негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу кестесімен және сабақ кестесімен реттеледі. Жұмыс бағдарламаларының мазмұны мен оқу жоспарлары сәйкес әзірленіп, іске асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың мазмұны, оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі білім берудің оқу жоспарларына және білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді. Типтік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және мекеменің ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша жұмыс оқу жоспары мен бағдарламаларын әзірлеуді мектеп дербес жүзеге асырады. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ кестесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, санитариялық қағидалардың, денсаулық сақтау және білім беру органдарының білім беру саласындағы үлгілік оқу жоспарлары мен ұсынымдарының негізінде дайындалған білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады және мектеп басшысы бекітеді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы,ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

**2024-2025 оқу жылында**

Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды.

1 сыныпта – 19,5 сағат.

2 сыныпта – 24 сағат.

3 сыныпта – 26 сағат.

4 сыныпта – 26 сағат.

